

**НҰР-МҰБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ АУДАРМА ІСІ КАФЕДРАСЫ**

Университеттің Ғылыми кеңесінде
қаралып, бекітілді.
№ 9 хаттама.
«29» наурыз 2024 ж.





Университет ректоры,
доктор, профессор
М.Н. Жинди


2024-2025 оқу жылына арналған
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B02306– «Аударма ісі»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(4 жылдық күндізгі бөлім)

АЛМАТЫ, 2024

Білім беру бағдарламасы Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында дайындалып, талқыланды. Хаттама № 8 26 наурыз 2024 ж.
Кафедра меңгерушісі Г.К. Рысбаева 

Тілдер және гуманитарлық пәндер факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.
Хаттама № 8 27 наурыз 2024 ж.
Факультет төрағасы Мұхаммад аш-Шаххат әл-Жинди 

Академиялық комитет мәжілісінде талқыланды және мақұлданды.
Хаттама № 8 29 наурыз 2024 ж.
Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.
Хаттама № 9 29 наурыз 2024 ж.

I семестр

Міндетті пәндер:

- 1) КТ 1101 Қазақстан тарихы – 5 кредит
- 2) ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит
- 3) К(О)Т 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 4) Ale 1107 Әлеуметтану – 2 кредит
- 5) Saya 1107 Саясаттану – 2 кредит
- 6) BShTPK1 1201 Базалық шетел тілінің практикалық курсы -1 – 6 кредит
- 7) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 8) Mad 1107 Мәдениеттану – 2 кредит
- 9) Psi 1107 Психология – 2 кредит

II семестр

Міндетті пәндер:

- 1) ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит
- 2) К(О)Т 1104 Қазақ (орыс) тілі – 5 кредит
- 3) SZhQM 1108 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – 5 кредит
- 4) DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 5) EShTPK1 1206 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-1 – 5 кредит
- 6) BShTPK2 1202 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-2 – 6 кредит
- 7) OP 1205 Оқу практикасы – 1 кредит

III семестр

Міндетті пәндер:

- 1) Fil 2102 Философия - 5 кредит
- 2) IC 2105 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар – 5 кредит
- 3) DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит
- 4) BShTPK3 2203 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-3 – 5 кредит
- 5) TBK 2305 Тіл біліміне кіріспе – 5 кредит
- 6) KK 2208 Құран Кәрім – 3 кредит

Элективті пәндер:

1. EShTPK2 2214 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-2 – 5 кредит

Мақсаты: Курс студенттердің шетел (ағылшын/араб) тілінде негізгі тілдік дағдыларын дамытып, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау қабілетін жетілдіруге бағытталған.

Мазмұны: Бұл пән студенттердің екінші шетел тілінде сөйлеу, түсіну, жазу және тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Студенттер күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін үйреніп, тиімді қарым-қатынас жасауға қабілетті болады. Олар өз ойларын жай және қысқа сөйлемдермен жеткізе алады, спорт, хобби, мәдениет, саяхат, жұмыс, кино,

табиғат сынды қарапайым тақырыптарда ой қозғап, әңгімелесе алады. Практикалық тапсырмалар арқылы студенттер тілдік дағдыларын іс жүзінде шыңдайды. Екінші шетел тілінің негізгі лексикалық және грамматикалық құрылымы игеріледі, өткен материалды игеруде коммуникативті сипаттағы ситуациялық тапсырмалар қолданылады.

-Білімі: Екінші шетел тілінің негізгі грамматикалық ережелері мен құбылыстарын білу және сөздік қорды жүйелі түрде меңгереді.

-Білігі: қарапайым және қысқа сөйлемдерді қолданып, күнделікті тақырыптарда өз ойын жеткізе алу; белгілі бір тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, қарапайым әңгімелесуді жүргізе алады.

-Құзыреті: тілдік дағдыларды іс жүзінде қолдана алуға; сөйлеу және жазу барысында екінші шетел тілінің орфоэпия, орфографиялық заңдылықтарын дұрыс қолдануға; екінші шетел тілінде жеке және әлеуметтік-тұрмыстық (дүкенде сауда жасау, жол сұрау, танысу т.б.) тақырыптарда сөйлесе білуге, қарапайым мәтіндер мен әңгімелерден негізгі ақпаратты іріктеп, түсіне алуға қабілетті болады.

Пререквизиттер: EShTPK1 1206 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-1

Постреквизиттер: EShTPK3 2207 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3

2. OShTO 2214 Оқытылатын шетел тілімен байланысты елдер өркениеті 5 кредит

-Мақсаты: Оқытылатын шетел тілімен байланысты елдердің өркениетімен танысу арқылы мамандықты игеруде, мәдениетаралық анализ, коммуникация жасауда тиімді болатын дағдыларды дамыту.

-Мазмұны: Бұл пән шетел тілімен байланысты елдер өркениетінің қалыптасуындағы тарихи-мәдени үрдістерді зерттеуге бағытталған. Студенттер оқытылатын шетел тілімен байланысты әлемдегі әртүрлі мәдениеттердің даму тарихымен, олардың өзара ықпалымен, қазіргі заманғы мәдениетаралық диалогты талдауға мүмкіндік беретін материалдармен танысады. Елдердің өркениетімен танысу арқылы олардың дүниетанымдық ерекшеліктерін, меңгеріліп жатқан шетел тілін қолданудағы арнайы бағыттарын,

жағдаяттық сипаттарын салыстырмалы негізде талқылайды.

Нәтиже:

-Білімі: Елдер өркениеттерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, өркениеттің қалыптасу мен өмір сүруіндегі тілдің орны мен маңыздылығын түсінеді.

-Білігі: Оқытылатын шетел тілінде сөйлейтін елдердің тарихы мен өркениетін, мәдениетін меңгеру арқылы мәдени және тарихи мәтіндерді аударуда кездесетін қиындықтарды еңсеру; оқытылатын шетел тілі қолданылатын өркениеттердің ерекшеліктерінің, тарихи тұрғыда қалыптасқан парадигмаларының тілдік салада қолданысын айқындайды.

-Құзыреті: Өркениеттер негізінде қалыптасқан тілдің қолданысындағы арнайы құрылымдарды мәдениетаралық, өркениетаралық, ұлтаралық қарым-қатынас орнату барысында, өз ойын жеткізу, ақпаратты тыңдап, түсіну үдерісінде қолдана алады.

Пререквизиттер: EShTPK1 1206 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-1

Постреквизиттер: EShTPK3 2207 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3

IV семестр

Міндетті пәндер:

1) DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит

2) BShTPK4 2204 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-4 – 5 кредит

3) АІК 2301 Аударма ісіне кіріспе– 5 кредит

4) ААР 2302 Ауызша аударма практикасы – 5 кредит

5) EShTPK3 2207 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3 – 5 кредит

6) ІсТ 2209 Ислам теологиясы – 3 кредит

7) NShTKG 2215 Негізгі шетел тілінің қолданбалы грамматикасы-1 – 3 кредит

Элективті пәндер:

1. АК 2217 Әдебиеттануға кіріспе – 4 кредит

Мақсаты: Әдебиеттану бойынша негізгі ұғымдармен танысу, түсініктерін қалыптастыру, ағылшын/араб әдебиеті өкілдерінің көркем шығармаларын зерделеу және талдау.

Мазмұны: Бұл пән көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Ағылшын/араб әдебиетінің негізгі өкілдерінің классикалық туындыларын оқу, талдау, жанрын анықтау, стильдік ерекшеліктерін, әдеби бағытын айқындауға бағытталған. Әдебиеттану саласындағы маңызды зерттеулер мен өзекті мәселелерді қарастырып, әдеби классиктердің мазмұнын және көркем шығармашылық ерекшеліктерін салыстыра-салғастыра талдайды. Әдебиет теориясы

Нәтиже:

-Білімі: Әдебиеттану саласындағы іргелі зерттеулер мен өзекті мәселелерді, ағылшын/араб әдебиеті ақын-жазушыларының шығармаларындағы мазмұндық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерді түсінеді.

-Білігі: Өнер туындыларының шығармаларын талдап, жанрын және әдеби бағытын анықтау қабілетін қалыптастырады.

-Құзыреті: Әдебиет теориясы және тарихымен таныса отырып, әдеби сын негіздерін қалыптастырады. Ағылшын әдебиетіндегі классикалық шығармаларға теориялық және әдеби сын тұрғысынан салыстыра-салғастыра талдау жүргізу дағдыларына ие болады.

Пререквизиттер: ТВК 2305 Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттер: АА 3218 Әлем әдебиеті

2. КАА 2217 Көркем әдебиет аудармасы – 4 кредит

Мақсаты: студенттерді аударма саласындағы білім мен дағдыларды пайдалануға байланысты практикалық іс-әрекетке дайындау мақсатында әдебиеттерді көркем аударма саласында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Мазмұны: Көркем әдебиеттің аудармасы оқыған шет тілін, мәдениетін және жалпы әдебиетін терең түсінуге ықпал етеді, сонымен қатар студенттерді көркем әдебиеттегі аударманың рөлімен таныстырады.

Нәтиже:

-Білімі: аударма түрлерінің жіктелуі, сондай-ақ көркем мәтіндердің сапалы аудармасын

қамтамасыз ететін көркем әдебиетті аудару стратегиялары мен тактикалары білу;

-Білігі: көркем аударманың негізгі функционалды-стистикалық және жанрлық сорттарын меңгеру;

-Құзыреті: Бұл курс студенттердің көркем мәтіндерді шет тіліне аудару туралы танымын арттырады, оларға поэзия, әңгіме, роман және театр сияқты әртүрлі әдеби жанрларды аударуға үйретеді, талдауға, түсіндіруге, бағалауға және сынға назар аударады, сонымен қатар әдеби жанрлар арасындағы айырмашылықтар сияқты әдеби аударма саласындағы әртүрлі лингвомәдени мәселелер мен қиындықтарды шешуге назар аударады;

Пререквизиттер: ТВК 2305 Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттер: АА 3218 Әлем әдебиеті

V семестр

1. BShTPK5 3303 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-5 – 5 кредит

Элективті пәндер:

1. EShTPK4 3216 Екінші шетел тілінің практикалық курсы -4 - 5 кредит

Мақсаты: Курс студенттердің тілдік дағдыларын жетілдіре отырып, тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда шетел (ағылшын/араб) тілінде қарым-қатынас жасай білуді мақсат етеді.

Мазмұны: Бұл курс студенттерге күнделікті өмірде жиі кездесетін тақырыптарда еркін сөйлесуге, өз ойын жүйелі түрде жеткізуге және туризм, бос уақытты өткізу, адам өмірінің негізгі кезеңдері, ем қабылдау, ғылыми жаңалық сынды тақырыптарды түсінуге мүмкіндік береді. Оқыту процесінде тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдылары нығайтылады. Сабақтарда рөлдік ойындар, топтық жобалар мен талқылаулар арқылы практикалық тәжірибе жинақталады. Нәтижесінде, студенттер шетел тілінде еркін, сенімді және мәдениетті түрде қарым-қатынас жасауға қабілетті болады.

Нәтиже:

-Білімі: Қарым-қатынас жағдайларында мәдениаралық ерекшеліктер және коммуникативтік мінез-құлық ережелерін ескере отырып, кез келген тақырыпта еркін

сөйлеуге және сауатты жазып, ойын дәлелді айтуға үйренеді.

-Білігі: Студент күнделікті өмірдің әртүрлі салаларында шетел тілінде тиімді қарым-қатынас жасай алу; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздерін меңгеріп, студенттер шетел тілін қолдана отырып, әртүрлі жағдайларда сенімділікпен әрекет етеді.

-Құзыреті: Студент шетел тілінде қарапайым мәселелерді талқылап, шешімдер ұсына алу, өз пікірі мен шешімін негіздеп, дәлел келтіре білу; сұрақтарға жауап беріп, әңгімелесу барысында өзінің көзқарасын дәлелдей алу және шетел тілінде мәдениетаралық айырмашылықтарды ескере отырып, әртүрлі мәдениетті адамдармен сыпайы әрі әдепті қарым-қатынас жасай білу құзыреттілігін қалыптастырады.

Пререквизиттер: EShTPK3 2207 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3

Постреквизиттер: EShTPK 3312 Екінші шетел тілінің практикалық курсы -5

2. EShTG 3216 Екінші шетел тілі грамматикасы (бастапқы деңгей) – 5 кредит

Мақсаты: Екінші шетел тілінің (ағылшын/араб) негізгі грамматикалық ережелерімен танысып, оларды дұрыс қолдануды үйренеді.

Мазмұны: Бұл пән студенттерді екінші шетел тілін әрі қарай тереңдетіп меңгеруге қажетті базалық грамматикалық біліммен қамтамасыз етеді, осылайша тілдік дағдыларын әрі қарай дамытудың негізін қалайды. Екінші шетел тілі грамматикалық құбылыстары мен ережелері, практикалық жаттығулары және материалды игеруге арналған бастапқы деңгейдегі коммуникативті сипаттағы жағдаяттық тапсырмаларды қамти отыра екінші шетел тілінің грамматикалық базасын қалыптастырады.

Нәтиже:

-Білімі: екінші шетел тілінің бастапқы грамматикалық ережелері мен құбылыстарын біледі.

-Білігі: қарым-қатынас қажеттіліктеріне сәйкес өткен тақырыптар бойынша өздерінің теориялық білімдерін қолдана алады;

-Құзыреті: Бұл курс студенттерге қарым-қатынас үдерісіне толыққанды қатысу үшін сөздік және грамматикалық материалдарды

меңгеру, жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді анықтау және түзету қабілетін қалыптастырады.

Пререквизиттер: EShTPK3 2207 Екінші шетел тілінің практикалық курсы-3

Постреквизиттер: EShTPK 3312 Екінші шетел тілінің практикалық курсы -5

1. AP 3222 Аударма практикасы – 1 – 5 кредит

Мақсаты: Пән барысында студенттер әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндерді аудару дағдыларын жетілдіріп, түпнұсқа мәтіннің мағынасы мен стилін сақтай отырып, аударма жасау жолдарын меңгеру.

Мазмұны: Бұл пән студенттерге аударма теориясын іс жүзінде қолдануға, аудармашылық қабілеттерін дамытуға және мәтіндерді мәдениетаралық тұрғыда түсініп, дұрыс аударуға үйретуге бағытталған. Аударма процесінде әр түрлі тілдерде жазылған мәтіндердің арасындағы қарым-қатынастағы, термин мәселелерін қарастыру және аударма саласының жанрлық түрлері, іс-қағаздар, олардың аударылуы, термин мәселелері қарастырылады.

Нәтиже:

-Білімі: Аударма теориясын, аударма түрлерін қарастырып, сөздің көп мағыналығын жан-жақты біледі, сондай-ақ, теориялық білімдерін қолдану және осы білімдер арқылы аударма саласындағы іскерліктер мен аудармашылық дағдыларды дамытады.

-Білігі: Аударма теориясы «жалпы аударма теориясы», «жеке аударма теориясы», және «негізгі аударма теориясы» бөлімдерін меңгереді.

-Құзыреті: студенттердің сөйлем құрылымдарымен және олардың қолданылуымен танысуы мен таныстығын арттыруға, ағылшын/араб және қазақ тілдерінің айырмашылықтарын көрсетуге және интеграцияланған абзацтарды аударудан басқа сипаттама және баяндау мәтіндеріндегі аударма қосымшаларын тәжірибеде қолдану қабілеттерін дамытады.

Пререквизиттер: АІК 2301 Аударма ісіне кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

2. ZhAP 3222 Жазбаша аударма практикасы - 5 кредит

Мақсаты: Тіл аралық коммуникация жағдайында эквивалентті жазбаша аударманы қамтамасыз ету үшін студенттердің лингвистикалық және аудармашылық құзыреттерін қалыптастыру.

Мазмұны: «Жазбаша аударма практикасы» курсы «Аударма ісі» мамандығы бойынша студенттердің кәсіби даярлық жүйесіндегі негізгі пәндердің бірі болып табылады. Бұл пән аударма үдерісінің мәнін түсінуге, ақпаратты бір тілден екінші тілге жазбаша аудару дағдыларын игеруге, аудармаға дейінгі және одан кейінгі талдауды сапалы түрде жүргізу, орындалған аударманы редакциялау және түзету, аударма тактикасын қолдану, түрлі жанрлар мен стильдегі мәтіндерді негізгі шет тілінен аударған кезінде аударма трансформацияларының тәсілдерін меңгеруге ықпал етеді.

Нәтиже:

-Білімі: Жазбаша аударма түрлерін және мәтіннің жанрын айқындап отырып, сондай-ақ жазбаша аударма процесінің ерекшеліктерін білу және кезеңдегі жұмыс технологиясы мен әдістерін қолдану.

-Білігі: Түпнұсқа мәтінді талдау, стандартты және стандартты емес аудармашылық мәселелерді анықтау, оларды шешу жолдарын таңдау, әртүрлі аударма трансформацияларын қолдану.

-Құзыреті: Студенттер қарапайым және құрмалас сөйлемдерді қамтитын әр түрлі типтегі лингвистикалық мәтіндерді редакциялау, лингвистикалық қайта қарау және аудару бойынша біліктіліктерін жетілдіреді. Сонымен қатар студенттер мәтін контекстіндегі әр түрлі сөйлем синонимдерінің қайсысы мағына жағынан дұрысырақ келетіндігін толыққанды түрде жазып үйренеді.

Пререквизиттер: АІК 2301 Аударма ісіне кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

3. KIs 3206 Қазақстандағы ислам – 5 кредит

Мақсаты: Бұл пән Қазақстандағы ислам дінінің тарихи тамыры мен оның қазіргі заманғы қоғамдағы рөлін түсінуге

бағытталған. Қазақстандағы исламның таралу тарихын білу; Құқықтық мәзһабтардың дәстүрге қатысты ұстанымдарын анықтау;

Мазмұны: Қазақ топырағына исламның таралу ерекшелігіне тоқталу, діни үкімдердің дәстүрге айналу кезеңдеріне мән беру; исламның таралу ерекшелігіне, тарихи кезеңдеріне мән беру;

Нәтиже:

-Білімі: дін исламның қазақ топырағындағы даму динамикасы мен түркілік дүниетанымымен сабақтастығын, қарым қатынасын үйлесімділікте зерттеу;

-Білігі: Қазақ дәстүрі және дәстүрлі дініміз арасындағы тығыз байланысты меңгеру;

-Құзіреттері: отандық дінтану ғылымының қазақи құндылықтарын ескере отырып ғылыми зерделеу.

Пререквизиттер: IsT 2209 Ислам теологиясы

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

1. АА 3218 Әлем әдебиеті – 5 кредит

Мақсаты: Ұлыбритания, АҚШ, Еуропа Азия, Араб әдебиетінің дамуы, әдеби бағыттары туралы түсініктерін қалыптастырып, әлем әдебиеті шығармаларын талдау дағдыларын дамыту.

Мазмұны: Әлемдік әдеби шығармалармен танысады, талдайды, жанрын, бағытын, көркемдік ерекшеліктерін анықтау қабілетін дамытады. Әлем әдебиеті бойынша жүргізілген маңызды зерттеулер мен олардың негізгі мәселелері қарастырылып, әлемдік классикалық шығармалардың мазмұны мен жанрлық, стильдік ерекшеліктерін зерделеу, көне заманғы әдеби шығармалардан бастап заманауи әдеби туындыларды уақыт пен кеңістік ескеріле отырып, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау дағдыларын қалыптасады.

Нәтиже:

-Білімі: Әлем әдебиетінің пайда болу және даму тарихын саралайды, әлем әдебиеті өкілдерінің көркем шығармаларымен танысады, олардың жанрларын, стильдерін, бағыттарын, теориялық мазмұнын түсінеді.

-Білігі: әлем әдебиеті бойынша негізгі зерттеулер мен өзекті мәселелерді, көркем шығарманың әдеби жанрларын меңгереді.

-Құзыреті: Түрлі дәуірлердегі әлем әдебиеті туындыларына өз бетінше салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау қабілеті қалыптасады.

Пререквизиттер: АК 2217 Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

2. OShTKhA (F) 3218 Оқытылатын шетел тілінің халық әдебиеті (фольклор) – 5 кредит

Мақсаты: Студенттер фольклорлық мәтіндерді оқу, талдау арқылы тілдің байлығын, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды біліп, өзара мәдени диалог құруға қажетті дағдыларын дамытады.

Мазмұны: Бұл пән студенттерді шетел тіліндегі халық әдебиетінің үлгілерімен, дәстүрлі аңыздармен, ертегілермен, мақал-мәтелдермен және фольклорлық элементтермен таныстырады. Курста студенттер оқытылатын шетел тілде сөйлейтін халық мәдениетін, тұрмыс-салт ерекшеліктерін зерттеп, әдебиет арқылы тілдік және мәдени құзыреттіліктерін дамытады. Сондай-ақ, студенттер фольклор арқылы шетел тілін түсінуге және сол халықтың дүниетанымын тереңірек ұғынуға мүмкіндік алады.

Нәтиже:

-Білімі: Оқытылатын шетел тілі әдебиеті тарихын, пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдерін біледі.

-Білігі: Фольклордың пайда болуы, халық шығармалары, ертегілер, аңыздар, тарихи әндер, бесік жырлары, мақал-мәтелдер, жырларды білу; оқытылатын шетел тілі халық әдебиетінің жанрларын ажырата білу; фольклорлық сюжет, мотив, музыкалық, театрлық фольклор т.б. сынды мәселелерді зерттейді.

-Құзыреті: Фольклорлық мәтіндер арқылы студенттер тілдің тарихи және мәдени ерекшеліктерін зерттеп, тілдік қабілеттерін тереңдету; халық әдебиетінің әртүрлі жанрларымен танысып, мәдениетаралық қарым-қатынас жасауда фольклор элементтерін қолданады.

Пререквизиттер: АК 2217 Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

1. OShTShOA 3219 Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнері және аударма - 5 кредит

Мақсаты: Студенттердің оқытылатын шетел тілдеріндегі (араб және ағылшын) шешендік өнердің ерекшеліктерін терең түсініп, аналогия, троп, метафора және метонимияны сөйлеу мен жазбаша мәтіндерде тиімді қолдану және риторикалық құрылымдарды игеру арқылы аудармада мағынаны дәл жеткізу қабілеттерін дамыту.

Мазмұны: Оқытылатын шетел тілдеріндегі шешендік өнер және әдебиетпен танысу арқылы студенттер әр тілдің өзіндік мәдени ерекшеліктерін игереді. Проза және поэзия жанрларындағы риторикалық терминдер мен тәсілдерді меңгеру арқылы олар әр тілдің шешендік өнерін терең түсінеді. Курста классикалық және заманауи мәтіндер талданып, шешендік өнердің тарихи және мәдени аспектілеріне назар аударылады. Сонымен қатар, студенттер мәдениетаралық коммуникацияда маңызды шешендік әдістерді игеріп, әр тілдің мәдени контекстінде оларды қолдануды үйренеді. Пәнде шешендік өнердің әдіс-тәсілдерін аудармада тиімді пайдалану, әр тілдің мәдени ерекшеліктерін аудармада дұрыс жеткізу дағдыларына да мән беріледі.

Нәтиже:

-Білімі: Студенттер өз ана тілі мен оқытылатын шетел тілдері (араб және ағылшын) арасындағы риторикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінеді және әр тілде мән-мағынаны дәл жеткізе алады. Студенттер шетел тілдеріндегі шешендік өнерге қатысты мәтіндерді аударуда қателіктерді болдырмауға дағдыланады.

-Білігі: Студенттер шешендік өнер туындыларындағы терминдер мен риторикалық тәсілдерді саралап, олардың шебер қолданылуын байқай отырып, әртүрлі мәдениеттегі шешендік өнер туындыларын тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін сақтай отырып аударуға машықтанады.

-Құзыреті: Курс студенттерге риторикалық ережелерді әртүрлі мәдени және әдеби мәтіндерде, ағылшын және араб тілдеріндегі шығармаларда, сондай-ақ проза мен поэзия жанрларында қолдануды үйретуге бағытталған. Студенттер риторикалық талдау

жүргізу және ғылыми әдіснама негізінде риторикалық ерекшеліктерді анықтау дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар, әр тілдегі риторикалық тәсілдерді мәдениетаралық және кәсіби коммуникацияда тиімді қолдануға және аудармада риторикалық құрылымдарды сақтай отырып, мәдени мағынаны дәл жеткізуге бейімделеді.

Пререквизиттер: АК 2217 Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

2. QShOA 3219 Қолданбалы шешендік өнер және аударма – 5 кредит

Мақсаты: Кәсіби және әлеуметтік маңызды жағдайларда сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру ерекшеліктерін үйрету және аударма барысында шешендік шеберлікті тиімді қолдану.

Мазмұны: Бұл пән студенттерге шешендік өнердің мәнін, логикалық құрылымын және сөйлеу формаларын терең түсінуге көмектеседі. Оқытылатын шетел тілінің шешендік өнерін толыққанды түсіну үшін студенттер сол тілдің әдебиетімен де жетік танысады, өйткені тілдің шешендік дәстүрі оның әдебиетімен тығыз байланысты. Пән көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнердің шеберлік мәселелерін зерттеуге бағытталған, мәтіндеріндегі риторикалық терминдерді түсіну және оларды аудармада дәл жеткізу дағдыларын дамытады қалыптастырады.

Нәтиже:

-Білімі: Студенттер шешендік өнердің риторикалық теориялары мен тәсілдерін, аудармада қолданылатын негізгі ұғымдарды меңгереді. Студенттер классикалық және заманауи мәтіндердегі шешендік құрылымдарды, олардың мәдени контексте қалай қолданылатынын терең түсінеді.

-Білігі: Студенттер шешендік өнерге тән тілдік құбылыстарды, соның ішінде риторикалық терминдерді дәл анықтап, аудармада дұрыс пайдалана алады. Олар шетел тіліндегі шешендік туындыларды мазмұны мен стилін жоғалтпай аударуға, сондай-ақ осы мақсатта терминологиялық сөздіктер мен электронды ресурстарды қолдануға машықтанады.

-Құзыреті: Олар шешендік өнердің негізгі құрылымдарын және әдістерін аударма

барысында тиімді пайдаланып, екі тілдің мәдени ерекшеліктерін және стилистикалық айырмашылықтарын ескере отырып, мазмұн мен мәнді дәл жеткізу қабілеттерін дамытады.

Пререквизиттер: АК 2217 Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

1.MSMA 3223 Мәдениет саласындағы мәтіндер аудармасы – 5 кредит

Мақсаты: Түпнұсқа мен аударма тілдерінің ұлттық-мәдени, тарихи-әлеуметтік айырмашылықтарын ескере отырып, аударма жасаудың амал-тәсілдерін талдау.

Мазмұны: Бұл пән аударманың қабылдаушы мәдениетке қалай әсер ететінін, оның мәдени-тарихи жағдайға, идеологияға және мәдени-лингвистикалық иерархияға байланыстылығын түсіндіруге бағытталған. Курс барысында студенттер аударманың әртүрлі әдістерін талдайды, соның ішінде ұлттық аударма дәстүрлері мен әр дәуірдегі аударма тәжірибелерінен нақты мысалдар қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ және шетел аударматануындағы негізгі зерттеу бағыттары, аудармада мәдениетті жеткізу тәсілдері мен аудармадағы стильдік ерекшеліктер зерделенеді. Пән мәдениетаралық коммуникацияға әсер ететін негізгі факторларды, олардың мәтіндік құрылымдар мен стильдерге ықпалын және аудармада ұлттық болмысты жеткізу тәсілдерін зерттеуді қамтиды.

Нәтиже:

-Білімі: Студент мәдениет және өнер саласындағы мәтіндерді аударудың ерекшеліктерін біледі; осы салаларға қатысты мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін, соның ішінде ағылшын/араб және қазақ тілдеріндегі лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және стильдік сипаттамаларды меңгереді.

-Білігі: Студент мәдениет және өнер саласындағы ағылшын/араб мәтіндеріне тән тілдік құбылыстарды дәл анықтай алады; тақырыпқа сай терминдердің баламаларын тауып, фактілік материалға қатысты салаларда дұрыс бағдарлай алады; терминологиялық сөздіктер мен лексикографиялық электронды ресурстарды тиімді қолдана алады.

-Күзіреті: Студент мәдениет және өнер саласындағы ағылшын мәтіндеріне тән тілдік құбылыстарды дәл анықтай алады; тақырыпқа сай терминдердің баламаларын тауып, фактілік материалға қатысты салаларда дұрыс қолданады; терминологиялық сөздіктер мен лексикографиялық электронды ресурстарды тиімді қолдануға машықтанады.

Пререквизиттер: АК 2217 Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

2. МКК 3223 Мәдениетаралық қарым-қатынас - 5 кредит

Мақсаты: мәдениетаралық қарым-қатынас стратегиясын меңгеру және төл мәдениет пен шетел мәдениеті арасындағы айырмашылықтар мен үндестіктер негізінде мәдениетаралық танымды қалыптастыру.

Мазмұны: : Жоғары білімді азаматтардың тұлғалық сипаттамалары арасында негізгі екі дүниетаным кендігі мен мәдениетаралық қарым-қатынастағы күзиреттілігіне қойылады. Бұл сипаттардың адам тұлғасындағы деңгейі оның қаншалықты білікті маман екендігіне тікелей ықпал етеді. Себебі өзге мәдениеттерді танып, олармен байланыс орната алатын маман жұмыс барысындағы түйткілді жағдаяттарға лайықты жауап, шешім таба біледі. Сол себепті пәнді игеру барысында студенттер мәдениеттермен танысып, олардың арасында байланыс орнату әдістерін, парадигмаларын меңгереді.

Нәтиже:

-Білімі: Төл және шетелдік мәдениеттерді салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, мәдениетаралық қарым-қатынастың әртүрлі жағдаяттарына сәйкес жауап бере алатын стратегияларды меңгереді.

-Білігі: Тіл мен мәдениеттің өзара байланысына негізделген мәдениетаралық біліктілік қалыптастырады.

-Күзіреті: Кәсіптік және күнделікті өмірдегі қарым-қатынас кезінде мәдениетаралық байланыс жасауға күзиретті болады.

Пререквизиттер: АК 2217 Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

VI семестр

1. ОпР1 3210 Өндірістік практика-1 - 5 кредит

Элективті пәндер:

1. IELTS 3220 Халықаралық IELTS емтиханына дайындау курсы- 5 кредит

Мақсаты: Сөйлеу әрекетінің төрт түрі: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым негізінде коммуникативтік – мәдениетаралық құзыреттілік негіздерін қалыптастыру, сонымен қатар өнімді және рецепторлық тілдік материалды тереңдету және кеңейту.

Мазмұны: Бұл пән студенттердің коммуникативті және кәсіби құзыреттіліктерін (лингвистикалық, мәдениетаралық, әлеуметтік-мәдени, когнитивтік және прагматикалық) қалыптастырады.

Нәтиже:

-Білімі: Шетел тіліндегі ақпаратты жинақтау, сыни талдау, қорытындылау және синтездеуді, күнделікті және кәсіби қарым-қатынас аясында ауызша мәлімдемелерді құруды үйрену.

-Білігі: Мәдениетаралық өзара қарым-қатынас теориясы, шешендік шеберлік теориясы және бизнес-коммуникация теориясы саласындағы негізгі ережелер мен тұжырымдамаларды білу, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін меңгеру.

-Құзыреті: Тыңдау, оқу, жазу және сөйлеу дағдыларын жетілдіру арқылы IELTS емтиханының барлық бөлімдерін меңгереді.

Пререквизиттер: BShTPK5 3303 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-5

Постреквизиттер: BShTPK7 4313 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-7

2. KhSTD 3220 Халықаралық сертификатталған тестке дайындық - 5 кредит

Мақсаты: Ғылыми стильде жазылған және білімнің әртүрлі салаларымен байланысты түпнұсқа мәтіндерді оқу, түсіну және тыңдау дағдыларын дамыту, әртүрлі эссе түрлерін жазу, логикалық құрылымдау және дәлелдер келтіру.

Мазмұны: құзыреттілігін қалыптастыру үшін пәннің мақсаты мен оқыту әдістемесі анықталады. Халықаралық сертификатталған тестті тапсыру үшін студенттердің сөздік

қорын кеңейту мақсатында тест форматына тән грамматика мен лексика бойынша білімді тереңдетеді. Сонымен қатар, тапсырмаларды орындау стратегияларын, соның ішінде уақытты басқаруды және емтихан кезінде стрессті азайту әдістерін үйретеді. Осылайша, курс студенттерге белгілі бір тестке дайындалуға ғана емес, сонымен қатар тілді меңгерудің жалпы деңгейін арттыруға және олардың тілдік дағдыларына деген сенімділікті дамытуға көмектеседі.

Нәтиже:

-Білімі: тыңдалым, оқылым, жазылым материалдарымен, сондай-ақ мәтін шеңберіндегі грамматикалық материалдармен жұмыс істеу әдістері мен тәсілдерімен танысады.

-Білігі: тыңдау арқылы сөйлеушілердің әртүрлі материал (қысқа диалогтардан бастап, білімнің әртүрлі салаларымен байланысты дәрістер үзінділеріне дейін) бойынша ниетін анықтап, шектеулі уақыт жағдайында мәтіндермен жұмыс жасауды және берілген тақырып бойынша эссе жазу техникасын меңгереді.

-Құзыреті: мәтінді талдау, түрлі тапсырмаларды орындау стратегияларын меңгеру, сөйлеу әрекеттің төрт түрлі (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) дағдылары қалыптасады.

Пререквизиттер: BShTPK5 3303 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-5

Постреквизиттер: BShTPK7 4313 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-7

1. ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы - 5 кредит

Мақсаты: БАҚ мәтіндерімен және олардың аудармасымен жұмыс істеу процесінде студенттердің кәсіби аударма жасау дағдыларын дамыту.

Мазмұны: Бұл пән студенттерді заманауи отандық және шетелдік БАҚ-пен таныстыруға, оқытылатын шетел тілінің стилистикалық, грамматикалық және лексикалық аспектілері қарастырылып, түпнұсқаның мазмұнын, тілдік ерекшеліктерін және мәдени мағынасын толық сақтай отырып, сапалы аударма жасау әдістерін меңгеруге бағытталған. Студенттер мақалалар, жаңалықтар, репортаждар мен аналитикалық материалдар аудармасымен жұмыс істейді. Сондай-ақ, бұл курс кәсіби

сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, тілдік реңк пен ақпаратты дәл жеткізу дағдыларын дамытады.

Нәтиже:

-Білімі: Негізгі және аударылатын тілдердің тілдік сипаттамасын, қазіргі әдеби және бұқаралық ақпарат құралдары тілдерінің ерекшеліктерін, тілдің грамматикалық құрылымын және негізгі тіл мен аударылатын тілдің стилін игеру.

-Білігі: БАҚ мәтіндерін түпнұсқаның стилистикалық және мағыналық ерекшеліктерін сақтай отырып аударма білу; мәтін түрлерінің (мақала, жаңалық, репортаж, аналитикалық материал) ерекшеліктерін ескеріп, әрқайсысына сәйкес аударма техникасын қолдана алу; мәтіндегі күрделі лексикалық және грамматикалық құрылымдарды дұрыс аударып, түпнұсқаның тілдік реңкін сақтай білу.

-Құзыреті: Мамандандырылған медиа материалдарын аудару барысында түпнұсқаның стилистикалық, мағыналық және мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, кәсіби терминдер мен сөз тіркестерін қолдана отырып сапалы аударма жасау; мәтіндегі саяси, мәдени және әлеуметтік контекстті ескеріп, аудиторияға түсінікті әрі әсерлі аударма жасау дағдыларын дамыту.

Пререквизиттер: ZhAP 3222 Жазбаша аударма практикасы

Постреквизиттер: DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы

2. ВТА 3308 Баспасөз тілі аудармасы – 5 кредит

Мақсаты: Қазіргі мерзімді және мерзімсіз басылымдардағы мәтіндерді түсіну, қабылдау және негізгі тілден аударма тіліне (ағылшын/араб) ауызша және жазбаша түрде жүйелі түрде аударуға мүмкіндік беретін қажетті тілдік құралдар мен стильдік ерекшеліктерді үйретуге бағытталған.

Мазмұны: Бұл пән баспасөз тілінің ерекшеліктері мен аударма тәсілдерін қамтиды. Студенттер әртүрлі мерзімді және мерзімсіз басылымдардан алынған мақалаларды зерттеп, олардың құрылымы, лексикалық ерекшеліктері және стилімен танысады. Сондай-ақ, баспасөз тілінің аудармадағы күрделі тұстарын (түпнұсқа стилін сақтау, ұлттық колоритті жеткізу т.б.) талдайды. Практикалық сабақтарда нақты

мысалдар арқылы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тақырыптарды қамтитын мәтіндерді аударуға машықтанады.

Нәтиже:

-Білімі: негізгі тілдің және оқытылатын шетел тілдің тілдік құрылымы мен нормаларын, баспасөз тілінің ерекшеліктерін, БАҚ стилінің ерекшеліктерін, сонымен қатар этикалық кәсіби нормаларды біледі.

-Білігі: Баспасөз материалдарын қазақ/орыс тілінде және шетел тілінде (ағылшын/араб) дұрыс түсіну, талдау және аудару дағдыларын дамытады, баспасөз мәтіндерінің лексикалық, грамматикалық және стильдік ерекшеліктерін ажырата алады.

-Құзыреті: Студенттер мәтіннің негізгі мағынасын, мақала авторының стилін және баспасөз тілінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, мазмұнды жеткізуге және баспасөз тіліндегі тіркестер мен кәсіби терминдерді дұрыс пайдалана отырып, аударатын тіл нормаларына сәйкес аударма жасауды үйренеді.

Пререквизиттер: ZhAP 3222 Жазбаша аударма практикасы

Постреквизиттер: DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы

1. EShTPK5 3312 Екінші шетел тілінің практикалық курсы -5 - 5 кредит

Мақсаты: Студенттердің шетел тілінде терең әрі еркін қарым-қатынас жасау қабілеттерін жетілдіріп, кәсіби және академиялық контексте тілдік дағдыларын дамыту.

Мазмұны: Бұл пән C1 деңгейінде студенттердің шетел тілін жоғары деңгейде меңгеруін көздейді. Бұл курс ауызша және жазбаша тілде күрделі ойларды нақты әрі дәл жеткізу, ресми және бейресми стильдерде тілдесу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Студенттер цифрлық технология, өнер, мінез-құлықты сипаттау, көлік түрлері және т.б. сынды түрлі тақырыптарда пікір алмасып, кәсіби және академиялық ортада қолданылатын тілдік құрылымдар мен стильдерді меңгереді. Трлі жағдаяттық тапсырмалар арқылы шетел тілін еркін әрі сенімді қолдануды үйренеді.

Нәтиже:

-Білімі: Шетел тілінің грамматикасын, синтаксисін және стилистикалық ерекшеліктерін терең меңгеру; кәсіби және академиялық сөздік қорын жетік білу.

-Білігі: Әртүрлі стильдерде (ресми және бейресми) тілдесіп, қажетті тілдік формаларды икемді түрде қолдану; кәсіби және академиялық тақырыптарда еркін және сенімді түрде пікір алмасу.

-Құзыреті: Әртүрлі стильдер мен реңктерді (формальді, бейресми, кәсіби, әдеби) дұрыс ажыратып, сәйкесінше бейімдеп қолдана білу; кез келген әлеуметтік және кәсіби ортада еркін, сенімді қарым-қатынас жасау және екінші шетел тілінің күрделі идиомалары мен бейнелі сөз тіркестерін жоғары деңгейде пайдалана алу.

Пререквизиттер: EShTG 3216 Екінші шетел тілі грамматикасы (бастапқы деңгей)

Постреквизиттер: DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы

2. EShTG 3312 Екінші шетел тілі грамматикасы (жалғастырушы деңгей) – 5 кредит

Мақсаты: Екінші шетел тілінің грамматикалық құрылымын білу, морфологиялық және синтаксистік құрылымдарын қолдану арқылы жалғастырушы деңгейдегі тілдік дағдыны дамыту.

Мазмұны: Пән екінші шетел тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымдарын қолданып, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жүргізу, сөйлем дұрыс құрастыру, грамматикалық қателерді байқау, түзету дағдыларын қалыптастырады және сөздің мағынасын түсініп, лексика және грамматикалық талаптарды, ұғымдарды жан-жақты қарастырады, базалық деңгейде алынған білімді шыңдайды. Ағылшын/Араб тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымдарын қолданумен қатар жалғастырушы деңгейдегі тілдік дағдыларға грамматикалық тұрғыдан практика жасауды меңгереді.

Нәтиже:

-Білімі: тілдік білімдер жүйесін меңгеріп, ауызша және жазбаша қарым-қатынасты сауатты жугезге асыра біледі.

-Білігі: қарым-қатынас қажеттіліктеріне сәйкес өткен тақырыптар бойынша өздерінің теориялық білімдерін қолдана алады.

-Құзіреттері: Күрделі грамматикалық қағидаларын мысал келтіре отырып практикадағы қолданысын ұсынады, әрі қажетті тілдік дағдыларды оқып үйрету және алған білімдерін іс жүзінде қолдану, тілдік компетенцияны, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Пререквизиттер: EShTG 3216 Екінші шетел тілі грамматикасы (бастапқы деңгей)

Постреквизиттер: DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы

1. BShTPK-6 3311 Базалық шетел тілінің практикалық курсы.

Мақсаты: Шетел тілін практикада қолданумен бірге, шетел тілінің тілдік материалдарын толығымен меңгеріп, өз ойларын еркін жеткізе алу.

Мазмұны: Оқыту барысында студенттер естігендері мен оқығандарының оңай түсінуге ауызша да жазбаша да әртүрлі қайнар көздердегі ақпаратты талқылап, сөздердің семантикалық табиғатын, лексикография мен лексикология салаларын қамтиды, ауызша және жазбаша тілде күрделі ойларды нақты әрі дәл жеткізу, ресми және бейресми стильдерде тілдесу дағдыларын, кәсіби және академиялық ортада қолданылатын тілдік құрылымдар мен стильдердің ерекшеліктері зерделенеді. Түрлі жағдаяттық тапсырмалар арқылы шетел тілін еркін әрі сенімді қолдану дағдылары қалыптасады.

Нәтиже:

-Білімі: оқып жатқан тілдердің орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық нормаларын меңгереді.

-Білігі: Шетел тілін оқытудың кәсіби аясында білім беру міндеттерін білімін, онымен еркін жұмыс істеуге және оның интеллектуалды, көркем шығармалары мен жаңа да қырларын білуге мүмкіндік беретіндей деңгейде үйренеді.

-Құзыреті: Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін пәнді игергеннен кейін сөз тіркестерін еркін және өздігінен сөйлей алады, пәннің заманауи даму барысын қадағалай білетіндей деңгейде меңгереді.

Пререквизиттер: BShTPK5 3303 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-5

Постреквизиттер: BShTPK7 4311 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-7

2. KShT 3311 Кәсіби бағытталған шетел тілі – 5 кредит

Мақсаты: Күнделікті кәсіби қарым-қатынаста шет тілін белсенді қолдану және кәсіби деңгейде аударуға қажетті дағдыларды дамыту.

Мазмұны: Бұл пән аудармашы студенттердің кәсіби қызметте тиімді қарым-қатынас жасай алу үшін қажетті коммуникативтік дағдылары мен іскерліктерін дамытуға бағытталған. Студенттер әртүрлі кәсіби саладағы жағдаяттар арқылы өздерінің ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Осы саладағы сөйлеу заңдылықтары мен грамматика, лексика тұрғысынан білімдерін шыңдайды. Қарым-қатынастың әртүрлі формаларында өте жоғары деңгейде коммуникативті дағдылар мен стратегияларды (интервью, презентация, жарыссөз, дөңгелек үстел т.б.) көрсете алады.

Нәтиже:

-Білімі: Кәсіби бағытталған білім жүйесін, тілдің прагматикалық құрамын жеткілікті білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдап, қолдануды біледі.

-Білігі: өз мамандығына қатысты тақырыптарға сілтеме жасай отырып, шетел тілінің грамматикалық, лексикалық құрылымын қолданып шетел (ағылшын/араб) тілінде еркін сөйлеу біледі.

-Құзыреті: Студенттерге өз мамандығына қатысты тақырыптарды қамти отырып шетел тіліндегі сөйлеу дағдысын және мәдениетаралық-коммуникативтік кәсіби бағытталған құзыреттілікті қалыптастырады.

Пререквизиттер: BShTPK5 3303 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-5

Постреквизиттер: BShTPK7 4311 Базалық шетел тілінің практикалық курсы-7

1. AIZT 3310 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар – 5 кредит

Мақсаты: Студенттерге компьютерлік аударма бағдарламалары, машиналық аударма жүйелері, терминологиялық базалар және аударма жадымен жұмыс істеу тәсілдері туралы кешенді білім беру көзделеді.

Мазмұны: Аударма ғылымының теориялық мәселелері, аударма жасау техникасы, әдіс-тәсілдері мен аудармаға және аудармашыға

қойылатын талаптар, аударма саласының жанрлық түрлері, іс-қағаздар, олардың аударылуы, термин мәселелерін қарастыру, сондай-ақ, курста аударма үдерісін автоматтандыруға және оңтайландыруға арналған негізгі құралдар қарастырылады: компьютерлік аударма бағдарламалары (CAT tools), машиналық аударма жүйелері (Google Translate, DeepL), терминологиялық базалар және глоссарийлерді құру, басқару әдістері. Сонымен қатар, студенттер аударма жадыны тиімді пайдалану, жобаларды басқару және аударма сапасын бағалау құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Нәтиже:

-Білімі: студенттер аударма ісіндегі заманауи технологиялардың түрлері мен олардың қолдану ерекшеліктері туралы білім алады.

-Білігі: студенттер аударма құралдарын пайдаланып, аударма жады мен терминологиялық базалармен тиімді жұмыс істеуді меңгереді.

-Құзыреті: Бұл курс компьютерлік аударма саласында арнайы білімі, іскерлігі, дағдысы бар мамандарды қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламалық қамтамасыз ету барысында лайықты аударма ісін жүргізу, өңдеу жұмыстарын жүргізу іскерлігін меңгерту. Курста компьютер және аударма, автоматтандырылған аударма, аударма ісі жадылық жүйесі, машиналық аударма, редакциялау. Студенттер аударма ісінде заманауи технологияларды қолдана отырып, сапалы және жедел аударма жасауға қабілетті болады.

Пререквизиттер: МКК 3223 Мәдениетаралық қарым-қатынас

Постреквизиттер: SA 4309 Синхронды аударма

2. TTGhA 3310 Технологиялық терминдер және ғылыми аударма – 5 кредит

Мақсаты: Кәсіби терминологияны ғылыми және техникалық контексте қолдану, аударманың сапасын арттыру және түрлі саладағы ғылыми құжаттарды аударуға қажетті дағдыларды жетілдіру.

Мазмұны: Бұл пән ғылыми және техникалық мәтіндерді аударуға бағытталған. Студенттерге технологиялық терминдердің ерекшеліктерін түсіндіру, олардың мағынасын дұрыс анықтап, тиісті ғылыми контексте қолдану дағдыларын

қалыптастыру көзделеді. Пәннің мазмұнына әртүрлі ғылыми салалардағы (инженерия, медицина, ақпараттық технологиялар және т.б.) терминдермен жұмыс жасау, оларды аудару әдістемелері мен қағидаларын меңгеру кіреді. Сондай-ақ, студенттер ғылыми мақалалар, техникалық құжаттар мен патенттер сияқты күрделі мәтіндерді аударуды үйренеді. Пән барысында аударманың дәлдігі мен түсініктілігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын арнайы құралдар мен бағдарламалар да қарастырылады.

Нәтиже:

-Білімі: ғылыми-техникалық сипаттағы мәтіндерді аудару ерекшеліктері, техникалық терминологияны аудару процесінің ерекшеліктері, ғылыми-техникалық сипаттағы мәтіндерді аудару процесінің кезеңдері, әр кезеңдегі жұмыс технологиясы мен әдістерін білу;

-Білігі: ғылыми-техникалық әдебиеттер мәтініне аударма алдындағы талдау және мәтінге аудармадан кейінгі талдау жүргізу; техникалық терминдер аударманың әртүрлі түрлерін қолдана отырып, түпнұсқаның мәтінін талдау;

-Құзыреті: Бұл курс студенттерді ғылыми-техникалық салалардағы аудармамен айналысуға, олардың мамандандырылған мәтіндерінің барлық үлгілерін, формалары мен деңгейлерін қамти отырып кеңейтуге машықтандыруға бағытталған. Ғылыми-техникалық терминдер түрлерін меңгеру арқылы ғылыми мәтіндерді аудару кезінде туындайтын әр түрлі мәселелер мен ғылыми проблемаларды шешуге бағытталған.

Пререквизиттер: МКК 3223 Мәдениетаралық қарым-қатынас

Постреквизиттер: SA 4309 Синхронды аударма

3.KODD 3311 Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы – 5 кредит

Мақсаты: Бұл пән қазақ ойшылдарының діни-философиялық көзқарастарын, олардың рухани мұраларын зерттеуге бағытталған. Курстың мақсаты – студенттерге қазақ халқының діни дүниетанымының қалыптасуы мен дамуы, ойшылдардың ислам және ұлттық дәстүрлер негізіндегі рухани ізденістері туралы түсінік беру. Сондай-ақ, пән барысында қазақ философиясындағы

діни құндылықтар мен адамгершілік ұстанымдар талданып, олардың қазіргі қоғамдағы орны мен маңызы қарастырылады.

Мазмұны: Қазақ топырағынан шыққан ортағасырлық ғұламалар мен хандық кезеңдегі жыраулар поэзиясы, зар заман ақындары мен соңғы ғасырда ыдана-ойшылдардың шығармаларындағы діни көріністерді қарастыру. Астарына үңіліп, талдау жасау. Сондай-ақ, бұл пән қазақ халқының діни дүниетанымының қалыптасу жолдарын, қазақ ойшылдарының исламдық және ұлттық дәстүрлерге негізделген рухани ізденістерін зерттеуге бағытталған. Курста исламның қазақ мәдениетіне таралуы және оның дәстүрлі наным-сенімдермен үйлесімі қарастырылады.

Нәтиже:

-Білімі: Қазақ дүниетанымын терең игеру, отандық кемеңгерлер еңбегін зерделеу;

-Білігі: сараптамалық, талдаулық зерттеулерде қазақ дүниетанымы саласының маңыздылығын ескере білу;

-Құзіреті: отандық дінтану ғылымының спецификасын ескеру, өзіндік артықшылықтарын игеру;

Пререквизиттер: МКК 3223 Мәдениетаралық қарым-қатынас

Постреквизиттер: SA 4309 Синхронды аударма

VII семестр

1. OnP2 4214 Өндірістік практика-2 - 5 кредит

2. AZh 4304 Академиялық жазылым – 5 кредит

Элективті пәндер:

1. DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы - 5 кредит

Мақсаты: Студенттерді діни мәтіндердің тілдік және мәдени ерекшеліктерімен таныстырып, оларды кәсіби деңгейде аударуға қажетті дағдыларды дамыту.

Мазмұны: Пән діни мәтіндердің түрлі жанрлары мен стильдерін, олардың тарихи-мәдени контекстін, аударма теориялары мен әдістемелерін қамтиды. Студенттер діни мәтіндерді аудару барысында кездесетін қиындықтарды, терминологияны, стилистикалық ерекшеліктерді, мәдени

мәнмәтінді ескере отырып, аударма жасау дағдыларын меңгереді. Пән барысында студенттер нақты діни мәтіндермен жұмыс істеп, практикалық тәжірибе алады. Діни мәтіндер мәнмәтінің түсініп, олардың философиялық, этикалық, мәдени маңызын анықтау арқылы аударма барысында қажетті білім мен тәжірибе жинақтайды.

Нәтиже:

-Білімі: Діни мәтіндердің тілдік құрылымдарын, стильдерін, мәдени контексттерін терең түсінеді, діни мәтіндер аудармасының теориялық негіздерін, оның ішінде лексикалық, грамматикалық, стилистикалық аспектілерін меңгереді.

-Білігі: Діни мәтіндерді дәл және контекстуалды түрде аудару дағдыларын дамытады, аударма барысында терминологияны дұрыс қолдану, мәтіндер арасындағы мәдени айырмашылықтарды ескеру, этикалық аспектілерді назарға алу қабілетін жетілдіреді.

-Құзіреті: Діни мәтіндерді аудару барысында кездесетін қиындықтарды шешу үшін аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады, аударма процесінде топта жұмыс істеу, пікір алмасу және конструктивті сын қабылдау дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

Постреквизиттер: SA 4225 Саяси саладағы аударма

2. ZSA 4224 Заң саласындағы аударма – 5 кредит

Мақсаты: Студенттерге заңдық мәтіндерді аудару дағдыларын меңгерту, заңдық терминология мен концепцияларды терең түсіндіру, халықаралық құқықтық құжаттарды, келісімшарттарды, заң актілерін дәл және тиімді аудару қабілетін дамыту.

Мазмұны: Пән заң саласындағы аударма теориясы мен практикасын қамтиды. Студенттер заңдық мәтіндердің құрылымы, стилистикасы, терминологиясы, мәдени контексті туралы білім алады. Пән барысында келесідей тақырыптар қарастырылады: заңдық мәтіндердің түрлері (заң актілері, келісімшарттар, сот шешімдері және т.б.), заңдық терминология және оның аудармадағы рөлі, аударма әдістері мен стратегиялары, заңдық мәтіндерді

аударудағы этикалық аспектілер, халықаралық құқықтық құжаттарды аудару.

Нәтиже:

-Білімі: Заң саласындағы негізгі терминдер мен концепцияларды, заңдық мәтіндердің құрылымын түсінеді, заңдық мәтіндерді аударудың теориялық негіздерін меңгереді, заңдық құжаттардың аудармасындағы мәдени және контекстуалдық аспектілерді біледі.

-Білігі: Заңдық мәтіндерді дәл және тиімді аудару дағдыларын дамытады, заңдық терминологияны дұрыс қолданады, аударма процесінде кездесетін қиындықтарды шешеді.

-Құзыреті: Заң саласындағы мәтіндерді мәнмәтіндік ерекшеліктерін ескере отырып, нақты мәнін аударма тілінде жеткізе алады, заңдық мәтіндерді талдау қабілетін қалыптастырады.

Пререквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

Постреквизиттер: SA 4225 Саяси саладағы аударма

1. GhZhZh 4221 Ғылыми жұмысты жоспарлау - 5 кредит Кульбекова Б.Р.

Мақсаты: Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің және рәсімдеудің негізгі талаптарын, тәсілдерін талдау.

Мазмұны: студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы және оның түрлері туралы алғашқы түсініктері зерделенеді, ғылыми жұмысты жоспарлау мәнін тануға бағдарлап, ғылыми зерттеу және оның түрлері туралы алғашқы түсініктері қалыптасады, зерттеудің әдістері туралы білімдерін тереңдетіп, ғылыми әдебиеттерді таңдауға үйренеді, зерттеу әдістерімен танысып, зерттеу нәтижелерін түрлі кесте, сызба, модель түрінде рәсімдеуге үйреніп, зерттеудің ғылыми аппаратын құрастыру дағдысы қалыптасады.

Нәтиже:

-Білімі: зерттеу тақырыбын анықтай, өзектілігін нақтылай, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарды қолдана, озық тәжірибелерді зерттей біледі, ғылыми терминдерді қолдана алу дағдысын меңгереді.

-Білігі: ғылыми жұмысты жазу барысында функционалдық сипаттамасын аша білуді үйренеді.

-Құзыреті: Лингвистикалық, тарихи білімдер жүйесін түсіну, олардың ішіндегі грамматикалық, лексикалық бірліктің дамуының факторлары мен заңдылықтары, оның құрылымдылық мағыналық және семантикалық ерекшеліктері, функционалдық сипаттамасын аша біледі, шетел тілі лексикографиясы тарихын, теоретикалық білімдерді лингвистикалық құбылыстарды талдау процесінде және мәдениетаралық қарым-қатынаста қолдану, ғылыми жұмыстарды жоспарлау жұмыстарының жолдарын білу, зерттеу әдістерін меңгереді. Аталған пән студенттің курстық және дипломдық жұмысын сауатты түрде жазуға, мақала жазудың алғышарттарын меңгеріп шығуға үйренеді.

Пререквизиттер: BShTPK6 3311 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

Постреквизиттер: MR 4212 Мәтінді редакциялау

2. GhZhU 4221 Ғылыми жобаны ұйымдастыру – 5 кредит

Мақсаты: Ғылыми-жоба және оның түрлерін жоспарлау, рәсімдеуге қажетті әдістер мен тәсілдерін талдау.

Мазмұны: студенттердің ғылымын дамытуда шығармашылықпен іздену әрекетін ғылыми ойлау дәрежесін барынша дамытуда шығармашылықпен іздену әрекетін өзіндік зерттеу жұмыстарымен байланыстырып жүргізу, бұл міндетті шешуге қажет ғылыми зерттеу жұмысының әдіснамасы, түрлері, әдістері туралы зерттеулер жүргізіп білік, дағды қалыптасады. Студенттер көкейкесті мәселелерді таңдауды және оны дәлелдей білуге, тақырыпты және ғылыми болжамды құра білуге үйренеді. Аударма саласындағы заманауи бағыттар бойынша ғылыми жобалар жүргізіп, кәсіби бағытындағы оқу-зерттеу жоба жұмысын ұйымдастырудың жолдары мен дағдылары қалыптасады.

Нәтиже:

-Білімі: Ғылым дамуының негізгі кезеңдерін біліп, ақпаратты зерттеу және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тарату барысында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануды үйренеді.

-Білігі: Ғылыми басылымдарда зерттеу жұмысының талаптарын, кезеңдерін, заманауи ақпараттық технологияны кәсіби қызметінде қолдануды меңгереді.

Құзыреті: Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің және рәсімдеудің негізгі талаптарын, тәсілдерін меңгереді. Ғылыми басылымдарға жоба жұмысының талаптарын, кезеңдерін, ғылыми жұмыстың құрылымымен, ғылыми жұмыстарды дайындау, жобалау, ғылыми мақалаларды жазу жобалар, курстық және дипломдық жұмыстарды жазуды үйренеді.

Пререквизиттер: BShTPK6 3311 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

Постреквизиттер: MR 4212 Мәтінді редакциялау

1. BShTPK7 4313 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 7 - 5 кредит

Мақсаты: Жаңа грамматикалық құбылыстарды тілдік үлгілерді игеру арқылы ауызша және жазбаша тілдік дағдыларды дамыту.

Мазмұны: студенттердің базалық стандарт деңгейінің ең жиі лексикалық, грамматикалық белгілеріне орфографиялық сәйкестіктерді, лексика, сөзжасам үлгілерін, көп мағыналы сөздердің мәнмәтіндік мағынасын үйренеді; студенттердің практикалық сөйленім, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдылары қалыптасады; білім алушы пәнді игеру нәтижесінде еркін қарастырған тақырыптары бойынша өз ойын еркін айта алатындай жағдайға жетеді, әртүрлі тақырыптық жағдаятта тілдік тұрғыда өзін-өзін ұстауы, оқытылатын шетел тілі негізінде студенттің қарым-қатынастық және мәдениетаралық біліктілігін қалыптастырылып, негізгі ұғымдарының ерекшеліктері зерделенеді, қызметінің түрлі салаларында фонетикалық, лексикалық, грамматикалық минимумдарды C2 деңгейіне сәйкестіктерді ұстану ерекшеліктері мен дағдылары қалыптасады.

Нәтиже:

-Білімі: білім алушылар жаңа лексикалық және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерді игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды меңгереді.

-Білігі: шетел тілі заңдылықтары негізінде тілдің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құрылымдарын меңгереді.

-Құзыреті: С2 деңгейінде әртүрлі коммуникативтік жағдайларда сөйлеу әрекеттерінің барлық түрлерінде құзыреттілігі қалыптасады.

Пререквизиттер: BShTPK-6 3311 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

Постреквизиттер: MR 4212 Мәтінді редакциялау

2. AShT 4313 Арнайы мақсаттағы шетел тілі – 5 кредит

Мақсаты: Студенттердің әлеуметтік-саяси тақырыптар бойынша сөздік қорын байыту, грамматикалық, лексикалық құрылымдарды қолдана отырып шетел тілін оқыту.

Мазмұны: Бұл пән негізгі шетел (ағылшын/араб) тіл елінің мәдениеті мен кәсіби және лингвистикалық біліміне негізделген. Арнайы шетел тілі мәдениаралық, ғылыми-кәсіби және прагматикалық білімін тереңдету, арнайы-кәсіби қарым-қатынас саласы мен сөйлеу тақырыбы аясында студент аударма дағдыларын қалыптастырады. Белгілі бір саладағы сөйлеу заңдылықтары мен грамматика, лексика тұрғысынан білімдерін толықтырады. Әртүрлі елдердің саяси жүйесін және саяси дамуын, аударма саласындағы негізгі бағыттар мен жаңалықтарды, берілген саладағы терминдерді аударуды біледі.

Нәтиже:

-Білімі: арнайы мақсатқа бағытталған білім жүйесі арқылы тілдің прагматикалық құрамын жеткілікті біледі және коммуникативтік дағдыларды жетілдіреді.

-Білігі: қоғамдық-саяси тақырыптарға тән терминология, клише, идиомаларды, қоғам және саясат саласындағы ағымдағы проблемалар мен қақтығыстар туралы ақпараттарды, жаңалықтар мақалалары мен блоктарын түсіне алады; ақпарат көздерін пайдалануды (сөздіктер және анықтамалық материалдар) біледі.

-Құзыреті: Әртүрлі елдердің әлеуметтік-саяси жүйесін және дамуын, аударма саласындағы негізгі бағыттар мен жаңалықтарды, берілген саладағы терминдерді нақты аудару қабілеттіліктерін қалыптастырады.

Пререквизиттер: BShTPK6 3311 Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6

Постреквизиттер: MR 4212 Мәтінді редакциялау

1. SA 4309 Синхронды аударма - 5 кредит

Мақсаты: Синхронды аударманың тарихы мен эволюциясын және синхронды аудармада қолданылатын аударма әдістері мен стратегияларын меңгеру, сондай-ақ тыңдау, түсіну және тілдік өңдеу дағдыларын дамыту.

Мазмұны: Синхронды аудармада қолданылатын компрессия техникасын, синхронды аудармада адекваттылыққа жету құралдарын, әр түрлі коммуникативті жағдайлар мен пәндік салаларда қолданылатын сөйлеу клишелері мен стандартталған сөз тіркестерін, синхронды аудармадағы жиі кездесетін қателіктер және олардың алдын алу жолдарын, синхронды аударманы қамтамасыз ететін заманауи техникалық құралдарын, жиналыс, конференция материалдарына арналған құжаттарды, іскерлік кездесулерді, телефон қоңырауларды және әлеуметтік шараларды аудару үйретіледі.

Нәтиже:

-Білімі: Студент жалпы аударма түрлері, сонымен қатар кеңсе құжаттарында және дипломатиялық дискурстың іскерлік коммуникацияларында белсенді қолданылатын лексикасын меңгереді.

-Білігі: Бұл пән студенттердің шет тіліндегі ақпаратты тез түсініп, қысқа уақыт ішінде нақты әрі түсінікті аударма жасау қабілетін дамытады. Сонымен қатар, тыңдау, есте сақтау және жылдам реакция жасау дағдыларын жетілдіреді.

-Құзіреттері: Пән барысында студенттер логикалық ойлау, тез шешім қабылдау, ақпаратты жүйелі түрде жеткізу дағдыларын дамытады. Бұл құзіреттіліктер кәсіби аудармашының жұмысында маңызды рөл атқарып, халықаралық кездесулер мен іс-шараларда сапалы аударма жасауға мүмкіндік береді.

Пререквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

Постреквизиттер: SA 4225 Саяси саладағы аударма

2. ДКА 4309 Дипломатиялық құжаттарды аудару – 5 кредит

Мақсаты: Дипломатиялық құжаттарды аударуды қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, осы саладағы тіл байлығы мен сөздік қорын толықтыру және дамыту, қазіргі кездегі саяси өмір мәселелеріне қатысты басқа тілдегі басылымдардағы ақпараттарды меңгерту.

Мазмұны: Дипломатия түсінігі мен функцияларын, дипломатиялық жүйенің негіздерін және оның институттарын, дипломатиялық құжаттардың ерекшеліктерін қарастыра отырып, дипломатиялық дискурстың негіздерін меңгеру. Аудармашының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру арқылы дипломатиялық құжаттарды аударудың ерекшеліктерін үйреніп, дипломатиялық құжаттар (келісімшарттар, түрлі дипломатиялық кездесулерде қозғалатын сұрақтар және т.б.) терминологиясы және олардың аудармасы қарастырылады.

Нәтиже:

-Білімі: негізгі дипломатиялық құрылым мен мазмұнын талдау тәжірибесін игеру және құжаттар аударуды, қазіргі заманғы дипломатиялық практиканың негізгі формалары мен әдістерін меңгеру, оларды тиімді аударуды үйрену.

-Білігі: дипломатиялық құжаттарды жазбаша кәсіптік-бағдарланған аударма процесінде лексикалық, грамматикалық және стилистикалық трансформацияның негізгі әдістерін қолдануды меңгереді.

-Құзіреттері: Студенттерді дипломатияның қысқаша тарихымен, қазіргі заманғы дипломатиялық және консулдық қызметті ұйымдастырумен таныстыру, оларды жұмыс барысында тиімді қолдана білу, саяси процестің мәнін ашатын негізгі ұғымдар мен тәсілдерді үйрету, сонымен қатар осы бағыттағы құжаттарды аудару әдіс-тәсілдерін игерту, оларды аудармада тиімді жеткізу дағдылары меңгеріледі, сонымен қатар дипломатиялық ортада шет тілінде әңгіме жүргізу және аудару қабілетін қалыптастырады.

Пререквизиттер: ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы

Постреквизиттер: SA 4225 Саяси саладағы аударма

VIII семестр

1. ZA 4213 Зерттеу әдістері – 4 кредит
2. QAP 4307 Қорытынды аттестаттау практикасы - 4 кредит
3. MR 4212 Мәтінді редакциялау - 4 кредит
4. QTATP 4306 Қазақ тіліне аударма жасау теориясы мен практикасы - 5 кредит
5. DJQ Диплом жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру - 8 кредит

1. SA 4225 Саяси саладағы аударма - 5 кредит

Мақсаты: Отандық және халықаралық саясат саласына барабар аудармалар жасау қабілетін қалыптастыру, саяси мәтіндерді аудару, қоғамдық-саяси мәтіндерде өз атауларын және лауазымдарын аудару, халықаралық саясат саласындағы аударма практикумы зерттеліп меңгеру.

Мазмұны: Бұл пән саяси терминологияны меңгеруге, саяси мәтіндердегі негізгі ұғымдар мен реңктерді түсінуге және оларды дәл аударуға үйретеді. Пән мазмұны саяси дискурстарды, халықаралық келісімдер мен құжаттарды, жаңалықтар мен баяндамаларды аудару тәсілдерін қамтиды. Сондай-ақ, мәдени-идеологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, саяси мәтіннің мәнін бұрмаламай жеткізу дағдыларын қалыптастырады.

Нәтиже:

-Білімі: Мамандық саласына қарай жиі кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдану және хаттар, баяндамалар, пікірлер, эссе жазуға үйренеді.

-Білігі: Радио, теледидардан саяси ақпараттар тыңдап, түсінуге машықтану, саяси кәсіби сөйлеу жағдаяттарында сұхбат түрлеріне еркін араласып, сөйлесу дағдыларын қалыптастырады.

-Құзыреті: Бұл курс студенттерді саясат саласындағы жалпы терминологиямен таныстыруға және студенттерге саяси мәтіндерді араб тіліне және одан аударуға үйретуге бағытталған, студенттерді саяси дискурс тілімен таныстырады. Ол мәтіннің мағыналық реңктері мен өзегіне назар аударуды үйретеді.

Пререквизиттер: SA 4309 Синхронды аударма / ДКА 4309 Дипломатиялық құжаттарды аудару

Постреквизиттер: жоқ

2. ESSA 4225 Экономика және сауда-саттық саласындағы аударма – 5 кредит

Мақсаты: Пән экономика мен сауда терминологиясын, салалық ерекшеліктерді, сондай-ақ іскери хат-хабарларды, келісімдер мен қаржылық құжаттарды аудару дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Мазмұны: Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер экономика және сауда-саттық саласындағы мәтіндерді аударудың теориялық негіздерін, негізгі концепциялар мен ұғымдарды; аталмыш саланың белсенді сөздігі мен терминологиясын меңгеруді және іскери хаттар, келісімшарттар, есеп-қисаптар және қаржылық құжаттар сияқты салалық мәтіндермен жұмыс жасауды қамтиды. Экономика мен сауда салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, мәтіндерді дәл аудару, студенттердің экономикалық ой-өрісін шетел тілінде аударма жасата отырып дамыту болып табылады.

Нәтиже:

-Білімі: Банктік, қаржылық, сақтандыру және экономика секторларында қолданылатын терминологияны, заңдылықтарын және әдістерін меңгереді.

-Білігі: Экономика және сауда-саттық мәтіндерін аударудың баламалық түрлерін, оларды шетел тіліне аудару ерекшеліктерін игереді.

-Құзыреті: Экономика және сауда-саттық саласы бойынша математикалық және басқа құралдарды қолданудағы аудару дағдыларын, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін есептеудегі аудару әдістерін, мемлекеттік және өндірістік мүдделерді біріктіретін экономикалық ойлау дағдыларын, кәсіпкерлік құрылымдардың экономикалық даму жағдайын бағалау әдістерін аудару, бизнес құрылымдарының экономикалық дамуының тұжырымдамасы мен стратегиясын әзірлеуге арналған құралдар жинағын аудару, сондай-ақ дұрыс басқару шешімдерін қабылдау мақсатында мүлікті бағалауда аударма дағдыларын, дұрыс басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде, сондай-ақ кәсіби қызметтегі міндеттерді шешу үшін ойлау, өз қызметін

ұйымдастыру, кәсіби міндеттерді орындаудың типтік әдістері мен тәсілдерін таңдау және аудару, олардың тиімділігі мен сапасын бағалау, кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби және жеке даму үшін қажетті ақпаратты іздеу, пайдалану және соларды дұрыс та, тиімді аудару қабілеттері меңгеріледі.

Пререквизиттер: SA 4309 Синхронды аударма / ДКА 4309 Дипломатиялық құжаттарды аудару

Постреквизиттер: жоқ.